

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 19 наурыздағы № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 наурызда № 35844 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30099 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерінде:

1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздері (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) жүргізу тәртібін, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін айқындайды";

2-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) білім беру бағдарламаларының тізілімі – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКОББ) әзірлеген ББ қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектісі.";

9-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 31666

тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін бағалау.

Әкімші ББ-ның бастапқы сараптамасының нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) сараптама тобының қарауына жіберілсін;
- 2) себебін көрсете отырып, өтініш берушіге пысықтауға (екі рет) жіберілсін;
- 3) ББ алғашқы сараптамасында бас тартуға негіз анықталған жағдайда алдын ала қабылдаудан бас тарту жіберілсін.

Әкімші өтініш берушіні одан әрі сараптаудан бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіні алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Әкімші өтініш берушіні тыңдау туралы сараптама жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабардар етеді. Тыңдау Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.";

16-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) ББ пысықтауға жіберілсін (екі рет);";

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Өтініш беруші Әкімшінің бекіткен бағалар прејскуранты бойынша өтініш берушінің қаражаты есебінен ақылы негізде ББ сараптамасын жүргізуге мынадай жағдайларда өтінім береді:

- 1) бөлінген бюджет қаражатының болмауы;
- 2) қайта сараптама, қабылданбаған өтінім;
- 3) ТжКОББ ұйымының бастамасы бойынша.";

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздеріне 2 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 19 наурыздағы
№ 43 бұйрығына
1 қосымша/

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім
беру ұйымдары іске асыратын
білім беру бағдарламаларының
тізілімін жүргізу қағидаларына,
сондай-ақ білім беру
бағдарламаларының
тізіліміне енгізу және алып
тастау негіздеріне
2-қосымша
Үлгі

Жалпы мәліметтер

Өтінімнің түскен күні	...
Өтінімнің нөмірі	...
ББ Тізілімде тіркелген күні	...
ББ тіркеу нөмірі	...
Білім беру бағдарламасының коды	...
Білім беру бағдарламасының жаңартылған күні	...
Өңір	...
ТжКОББ ұйымы	...
Әзірлеуші әріптес (жұмыс беруші)	...
Білім деңгейі	...
Даярлық бағыты	...
Даярлық мамандануы	...
ҰБШ бойынша деңгейі (Ұлттық біліктілік шеңбері)	...
Мамандық коды және атауы	...

2	Жалпы білім беретін пәндер 2.
...
Жалпыға міндетті модульдер /жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер						
...	Жалпыға міндетті модульдер 1. (жалпы гуманитарлық пәндер 1)...
...
...	Жалпыға міндетті модульдер ... (әлеуметтік-экономикалық пәндер...)
...
Базалық модульдер/ жалпы кәсіптік пәндер						
	Базалық модульдер 1(жалпы кәсіптік пәндер 1.)					
	...					
	Базалық модульдер ... (жалпы кәсіптік пәндер ...)					
	...					
Кәсіптік модульдер / арнайы пәндер)						
...	Кәсіптік модульдер 1. (арнайы пәндер 1.)
...
...	Кәсіптік модульдер. (арнайы пәндер)
...
...	Аралық аттестаттау			
...	Қорытынды аттестаттау			
...	Факультативтер			
...	Консультациялар			
...	Өзіндік жұмыс			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК